

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әмірова Ә.С. 12 жылдық орта білім беруге көшудің кейбір мәселелері // Бастауыш мектеп. — 2007. — № 5. — 12-б.
- 2 Темербаева Н.А. Кредиттік оқу жүйесінде студенттерді модульдік технология арқылы оқыту. — Астана: Атамұра, 2008. — 25 б.
- 3 Арапова К.М. Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары. — Алматы: Әрекет-Принт, 2007. — 33-б.
- 4 Бердібаева С.Қ., Әділова Э.Т. Студенттердің өздігінен білім алуы // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сер. — № 2. — 2008. — 54 б.
- 5 Кенжебаева Г.С. Кредиттік жүйедегі оқыту технологияларының қолданылуы // Ұлағат. — 2009. — № 3. — 6-б.
- 6 Тлепина Ш.В. Студенттердің өзіндік жұмысы мәселесі // Білім-Образование. — 2009. — № 2. — 24 б.
- 7 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. — 2004. — № 15. — 3-5-б.

Г.Н.Рамашова, Т.С.Тулеуова

Организация самостоятельной внеаудиторной работы студентов под руководством преподавателя в процессе преподавания иностранного языка

В статье рассматривается самостоятельная внеаудиторная учебная деятельность студентов под руководством преподавателя на первом курсе языкового факультета с использованием различных форм работы (индивидуальных, парных, групповых, коллективных) с учетом метакогнитивных процессов обучающихся. Авторами сделана попытка раскрыть сущность понятия самостоятельной работы, которая даёт студентам возможность развития и совершенствования навыков и умений иноязычной речи, а также повышения уровня владения общением, в том числе и педагогическим.

The article deals with individual outside the classroom academic work of students under the guidance of a teacher in the first year of language faculty with using various forms of work (individual, pair, group and collective) and also with the met cognitive processes of students. The authors have attempted to reveal the essence of the concept of independent work, which gives students the opportunity to develop and improve the skills of foreign speech, as well as increased ownership of communication, including teaching.

ӘОЖ 378: [37.026.1: 008]

Г.К.Тлеужанова, Д.Д.Шалдыбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру мәселелері

Мақала студенттердің оқу-танымдық қызметін одан әрі дамытын, теоретикалық білімдер мен практикалық дағдылар жүйесінің құратын, өз қызметін жобалау және жорамалдаудың ең маңызды құралы ретінде қазіргі заманғы ғылымға деген қарым-қатынасты қалыптастыруға көмектесетін, сонымен қатар ізденіс белсенділігінің функционалдау нәтижесінде туатын және зерттеу қимыл іс-әрекет негізінде құралатын интеллектуалды-шығармашылық қызметінің ерекше түрі деп қарастырылатын ғылыми-зерттеу мәдениетіне арналады.

Кілтті сөздер: студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру, тұлға, мәдени қызмет, оқу-зерттеу қызметі, ғылыми-зерттеу қызметі, кәсіби құзыреттілігі, мақсатқа жету тәсілі.

Мәдениетті тұлғаны тәрбиелеуде қажетті және жеткілікті жағдайларды шығару компонентінде ғылыми ойлаудың жоғары мәдениеті өзін-өзі тану, өзін-өзі іске асыру, жеке тұлғалар арасындағы ғылыми диалог жоғары оқу орнындағы білім сапасын жетілдірудің басым стратегиялардың бірі. Стратегиялардың іргетасы жоғары оқу орнының оқу үрдісінде студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметін тәрбиелеу мәдениеті болып табылады.

Осыған байланысты «мәдениет» және «қызмет» категорияларын толық қарастырған жөн. «Мәдениет» және «қызмет» категориялары бір-бірімен тығыз байланысты. «Мәдениет» ұғымын зерттейтін болсақ, зерттеушілер мәдениет бұл қызмет емес, ол оны жүзеге асырудың тәсілі болып табылады деп пайымдайды. Жеке тұлғаның зерттеу мәдениеті өзіне сәйкес қызметінде жүзеге асырылатын болса, зерттеу мәдениетін талдау кезінде «қызмет тәсілін» нақты ұғым ретінде қарау оның ғылыми-зерттеу қызметіне дайындығын көрсетеді.

Ғылыми әдебиетте кез келген қызметтің циклі жалпыланған схема ретінде көрсетіледі: «мақсат — құрал-жабдық — нәтиже». Мақсат зерттеу мәдениеті позициясында әрқашан ғылыми қоғамның немесе жеке зерттеушінің шындықты анықтау қажеттілігін көрсетсе, нәтиже жаңа білімнің меңгергенін сипаттайды. Мақсатқа жету тәсілі — зерттеушінің таным объектісімен байланысын қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу қызметінің әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Ұйымдастырылған, қайталанатын ғылыми шығармашылықтың әдіс-тәсілдердің жиынтығы осы қызметке сай келетін технологияны құрайды [1].

Студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметінде ғылымдағы тұлға, ақиқат, шығармашылық, ерік, мәдени-шығармашылық диалог сияқты ізгілік құндылықтарын тұлғаның игілігі болғанынан бастап қазіргі заманғы интеллектуалды және зиялы маманның қабілеттерін саналы түрде тәрбиелеуді қамтамасыз етеді.

Студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметі логикалық, интуитивтік, эвристикалық, рефлексивті, эмпатиялық компоненттердің интеграциясында қаланған шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу тұтасты, көпқырлы, көпжүйелі, «ашық тұлға — құндылық — бағыт» жүйесі ретінде қарастырылады.

Әдістемелік, интеллектуалдық, креативті, ақпарат мәдениеті, бір жағынан, студенттердің күнделікті интеллектуалды және креативті белсенділікті қамтамасыз ететін тұлға тәжірибесінің шығармашылық, зерттеу қызметінің дамуына қажетті және жеткілікті жағдай болып табылса, екінші жағынан, оның нәтижесі және ғылыми мәдениеттің және өздігінен жетілуін өзін-өзі тәрбиелеудің тұлғалық негізі болып табылады.

Зерттеушілік қызмет — студенттердің сабақтардағы және сабақтан тыс жұмыстағы танымдық әрекетін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерінің бірі. Бұл процесс барысында студенттерде проблемаларды айқындай алу, түрлі дереккөздерінен ақпарат жинау, бақылау, тәжірибе өткізу, талдау, салыстыру, салғастыру, болжамдарды талқылау, жалпылауды тұжырымдау және тағы басқа зерттеу қабілеттіліктері мен дағдылары қалыптасады. Ол студенттерде жүйелі ойлауды дамытуға, проблеманы шешу құзыреттілігін, ақпараттық және тіл табыса алу білу біліктерін қалыптастыруға жағдай жасайды [2].

Осыған орай ғылыми-зерттеу жұмыс оқу материалын зерттеу, семинар сабақтарында сұрақтарды талқылау, әдебиетті таңдау, қызықтыратын мәселенің теориясын зерттеу, құралдарды талдау және тәжірибе болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы кезінде студенттерде кәсіби қызығушылық, өз жұмысының нәтижесі үшін жауапкершілік, өзін-өзі талдау және өзін-өзі дамыту қалыптасады. Олар нормативті және әдістемелік әдебиетпен жұмыс істеуді үйренеді және ғылыми ізденіске қызығушылық дамиды.

Жұмыстың нәтижесі келесі факторларға тәуелді:

- өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға, мақсатты қоя білуге, жоспарлауға, қойылған міндеттерге жетуге, жұмыс барысын талдауға, өз жұмысын сынай білуге;
- мотивацияның дамуына, өз білімін кеңейтуге, нақты мәселені зерттеуге;
- оқу процесінің ғылыми-зерттеу элементтерімен толтыруға;
- жалпы және кәсіби білімінің тереңдігіне;
- еңбексүйгіштікке, мақсаттылыққа, белсенділікке, саналылыққа, өз пікірін қорғай алуына [3].

Демек, оқу процесіне студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын енгізу ғылыми-зерттеу қызметінің эффективтілігін күшейтеді. Зерттеу бағыттылығын қалыптастыру студенттің оқу және тәрбиелеу объектіден өзін-өзі оқыту және өзін-өзі тәрбиелеу белсенді субъектіге айналуын қамтамасыз етеді.

Танымал психолог А.Н.Леонтьев айтуынша, тұлғаның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігі — «өзіне» сын көзбен қарау нәтижесі ретіндегі бағыттылығы [4].

Жалпы адамзат тәжірибесі ұғыну, өзінің қызметіне сын бағамен қарау нәтижесінде студент өзіндік білім қабылдауға үйрену қажет. Сонда ғана тұлға саналы түрде өзіне және жеткіліксіз

элементтерді құрап, әлеуметтік шығармашылықтың субъектісіне айналады деп, сын ойлау рационалды және өнімді болып табылады деген тұжырымды И.А.Колесникова ұсынған [5].

Біздің қарастырып жатқан мәселеміз бойынша студенттердің субъектік өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу динамикасы оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызмет жағдайында келесі кезеңдерден өтуді қажет етеді:

- *1-кезең:* өзінен-өзі білім алу дағдыларын қалыптастыру, рефлексивті және эмпатиялық қабілеттерін дамыту, өзін-өзі ұстау әдістерін оқыту; құндылықты-мотивациялық және білім мен зерттеу қызметінің аясындағы қажеттіліктерді жүзеге асыру; студенттерде оқу-зерттеу қызметін маңызды және мәнді оқиға ретінде қарастыру қабілеттерін дамыту; осы қызметте өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өздігінен жетілудегі альтернативті амалдарды іздеу. Рефлексия және эмпатия негізінде өзінің ішкі дүниесіне және басқа адамдардың ішкі дүниесіне қызығушылықты дамыту;
- *2-кезең:* субъектік шығармашылық негіздерін меңгеру. Бұл кезеңде өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу жеке жобаларын құруға мүмкіндік туғызатын оқу-зерттеу қызметінің құндылықтар мен мәндерді меңгерудегі рефлексияны жүзеге асыратын «субъектік фон» құрылуы тиіс. Ол үшін құндылық-мәнді субъектік орта құру керек;
- *3-кезең:* студенттерді кәсіби өзін-өзі анықтау қабілеттерін, болашақ кәсіби ғылыми мәдениетті жүзеге асырады. Зерттеу қызметінің, мінез-құлықтың, қарым-қатынастың «регулятивті механизмдердің дамуына» ерекше көңіл бөлінеді;
- *4-кезең:* оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу қызметінде өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу жеке үлгілерін практикалық жағына жүзеге асыру. Бұл кезеңде болашақ кәсіби қызметте белсенді субъектті позициясы дамиды. Құрылған субъект мән ортада өзін-өзі жүзеге асыру, мінез-құлықтың, қарым-қатынастың, қызметтің, тұлғалық жетістіктерді өзін-өзі бағалау және олардың динамикасы регулятивтерін толық жетілдіру тиіс.

Сонымен қатар студенттерді өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеуді қамтамасыз ететін көп жылғы зерттеулер негізінде жоғарыда айтылып кеткен стратегияларға сәйкес ең эффективті педагогикалық технологиялар төменде көрсетілген:

- іздеу оқыту технологиясы;
- студенттердің оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыру тұлғалық-бағыттық технологиясы;
- шығармашылық өзін-өзі дамыту және тұлғалық өсу тренингтері, релаксация, аутотренинг;
- субъект-бағыт зерттеу практикумдары.

Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижесі жүйелілік және бірізділік, ғылыми-педагогикалық қамтамасыз етілуі, оқытушылардың студенттермен ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға дайындығы зерттеу қызметінің мотивациясына тәуелді.

Осыдан келе зерттеу жұмыс мына мақсатпен жүзеге асырылады:

- шығармашылық ғылыми-педагогикалық қызметке мүмкіндік туғызатын студенттерді тәжірибелік жұмысқа қосу;
- зерттеу жұмысын жүргізу дағдыларын қалыптастыру;
- студенттерді іздеу зерттеу әдістерін практикалық қызметте саналы түрде қолдануға үйрету [6].

Біздің пікірімізше, зерттеу қызметінде келесі деңгейлерді бөліп көрсетуге болады:

- *1-деңгей:* шығармашылық және зерттеу міндеттері студенттерге рет бойынша жеке оқытушылар арқылы қойылады;
- *2-деңгей:* зерттеу қызмет жан-жақты дамып, оқу қызметіне енген кезде;
- *3-деңгей:* зерттеу қызметінің жүйесіне ғылыми мекеме қосылған кезде.

Өткізілетін ғылыми-практикалық конференциялар студенттерде ғылыми дүниетану, ішкі мәдениет, белсенділік және тәуелсіздік элементтерінің дамуына қамтамасыз етеді.

Оны өзіндік мазмұны және оқу міндеттерін жүзеге асыратын әдістері бар оқу қызметінің перспективті формасы ретінде қарастыруға болады.

Конференцияның мазмұны әр түрлі білімнің аясында оқу деңгейінің ғылыми әдісті тануды жүзеге асырып, оқу міндеттері студенттер, оқытушылар және қатысушылар арасында қарым-қатынас үрдісінде жүзеге асырылады.

Тұтас педагогикалық процесте студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы шығармашылық, теоретикалық және қолданбалы мәселелерді тиімді шешуге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға көмектеседі.

Жоо оқу процесі оқу синтезін, тәрбие, практика және ғылыми-зерттеу жұмысын көрсету қажет. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы жоо қызметінің жаңа шарттарына сәйкес, көп жылғы отандық және шетелдік білім және ғылым интеграция тәжірибесін қолдану, әлем стандарттарының талаптарына сай мамандарды оқыту негізінде жүзеге асады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының жүйесін ұйымдастыру және дамытудың негізгі мақсаты — жоғары кәсіби білімі бар мамандарды дайындау деңгейін көтеру, кейінгі оқыту мақсатымен дарынды жастарды табу, жаңа ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктері, экономикалық ойлау және мәдениеттің өркендеуі негізінде жоо, басқа мекемелерді және ел ұйымдарын ғылыми және педагогикалық кадрларға толтыру.

Осылайша, біз студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының жүйесін ұйымдастыру және дамытудың негізгі міндеттерін анықтадық:

- оқу пәндері және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының интеграциясын қамтамасыз ету;
- студенттердің шығармашылық, ғылыми және педагогикалық еңбекке оқу және дайындау бірлігін жүзеге асыру;
- әр түрлі құрылымдармен кәсіби, іскерлік ынтымақтастық;
- студенттік жастардың тұлғалық шығармашылық қабілеттерді ашу және жаңарту;
- студенттердің ғылыми қызметке қатысу нәтижесін көтеру;
- ғылыми және педагогикалық қызметке қызығушылық танытқан дарынды жастарды іріктеу;
- студенттердің ғылыми-зерттеу қабілеттерін қалыптастыру және дамыту;
- болашақ мамандарда: кәсіпорындарда және кез келген ұйымдық-құқықтық нысан мекемелерінде кәсіби ғылыми жұмыс жүргізу, тез бейімделу қабілетін және біліктілікті көтеру дайындығы және қабілеттерін қалыптастыру және дамыту;
- ғылыми-зерттеу жұмысы дағдысы бар, нақты ғылыми-практикалық шараны құрып және жүзеге асыру қабілеттері бар жоғары білікті жетекшілерді даярлау.

Қойылған мақсатқа сәйкес біз студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарлау мәселесін, ұйымдастыру және жүйелік шешімді қабылдауды қамтамасыз ету үшін оның келесі негізгі түрлерін ажыратып көрсетуді жөн көрдік:

- оқу процесіндегі ғылыми-зерттеу жұмыс;
- оқу процесін толықтыратын ғылыми-зерттеу жұмыс;
- оқу процесіне параллель ғылыми-зерттеу жұмыс.

Осы жайтта студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі ұйымдастыру формалары болып:

- оқу жоспары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыс;
- сабақ уақытысында ғылыми-зерттеу жұмыс элементтерін қосу;
- диплом жұмысы;
- жеке ғылыми-зерттеу жұмысы;
- ғылыми-зерттеу жұмысын практикада орындау;
- ғылыми рефераттарды тақырып бойынша орындау;
- студенттік ғылыми үйірмелер;
- студенттік ғылыми қоғам;
- ғылыми-практикалық мәселе бойынша студенттік ғылыми топтар;
- семинарларға, конференцияларға, симпозиумдарға, ғылыми және оқу-зерттеу жұмысының конкурстарына қатысу;
- ғылыми-инновациялық қызметке қатысуға тарту табылады.

Студенттердің зерттеу мәдениетін қалыптастыру процесінің нәтижесі ретінде біз төмендегілерді белгіледік:

- мәселені түсіну;
- гипотезаны шығару шеберлігі;
- оны қорғау;
- ғылыми әдебиетпен жұмыс жасау;
- баяндама, реферат және ғылыми зерттеулерді дайындау.

Осыдан кейін студент ғылыми зерттеудің әдістемесіне, үлгілеуге, алынған нәтижелерді талдауға үйренеді. Соңғы кезең ретінде — ғылыми зерттеу міндеттерінің практикалық жүзеге асуы: алынған нәтижелерді талдау, қорытындылар жасау, ұсыныстар беру. Барлығы бірге студентте кәсіби

хабардарлықты жетілдіруге, теориялық білім мен практикалық іскерліктер жүйесін құруға, диагностика, жобалау, болжау және өз жетілгендіктің маңызды құралы ретінде ғылымға деген арақатынасты қалыптастыруға көмектеседі.

Жалпы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы келесі алгоритм бойынша жүзеге асырылу қажеттілігін біз кезеңдер бойынша белгіледік:

1-кезең — зерттеуге дайындық:

1.1 зерттеудің объективті аясын айқындау;

1.2 зерттеу объектісін айқындау, бұл тұрғыда зерттеу объектісінің белгілі бір проблемалық жағдай тудыратын процесс немесе құбылыс екенін есте сақтау қажет;

1.3 зерттеу тақырыбын айқындау, тақырып таңдаудың критерийлері мынадай:

– зерттеу тақырыбы қазіргі ғылымдағы өзектілігіне қарай таңдалады;

– зерттеу тақырыбы студент-зерттеушіге белгілі сәтке ғана емес, оның болашақ кәсібіне сәйкес қызықты болуы тиіс;

– зерттеу тақырыбы қысқаша тұжырымдалған, ал оның құрылымдағы түсініктері өзара қисынды байланысқан болуы тиіс;

– зерттеу тақырыбы зерттелетін проблема бойынша әр түрлі ақпарат көздері зерделегеннен соң нақтыланады;

1.4 зерттеу өзектілігін анықтау. Таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздей отырып, ұстаз студент-зерттеушінің назарын тақырыпты зерттеу қажеттілігін тудырған себептерге аударуы қажет;

1.5 зерттеудің мақсаты мен міндетін айқындау;

1.6 ғылыми әдебиеттермен жұмыс.

2-кезең — зерттеу:

2.1 теория сұрақтары бойынша әдебиеттерді талдау;

2.2 зерттеу тақырыбы бойынша тәжірибелік жұмыстар. Зерттеу мақсатына жету мен тұжырымдалған болжамды дәлелдеу үшін студент-зерттеушіге тәжірибелік жұмыстарды өткізудің әдістемесін әзірлеу немесе таңдау қажет. Тәжірибелік жұмысты өткізу кезінде нақты нәтижелер алу үшін тәжірибенің тазалығына көз жеткізу қажет, сондай-ақ мектептегі немесе одан тыс зертханадағы барлық аспаптарды қолдану керек. Тәжірибелік жұмыс кезінде студент-зерттеушіге жоспарланған тәжірибелердің мақсаты, пайдаланған құрал-жабдықтар, тәжірибе жүргізудің барысы, алынған нәтижелер, оларды талдау мен қорытындылау бейнеленуі тиіс ғылыми зерттеулер журналын жүргізу қажет;

2.3 қорытындылар мен ұсыныстарды жазу;

3-кезең — зерттеу жұмысты рәсімдеу:

3.1 бөлімдерді жазу;

3.2 бөлім бойынша қорытындылар жазу;

3.4 кіріспені жазу;

3.5 әдебиеттер және қосымшалар тізімдерін құрастыру;

3.6 зерттеу жұмысының мазмұнын құрастыру;

3.7 титулдық бетті рәсімдеу.

Демек, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ізденіс белсенділігінің және зерттеу қимыл іс-әрекетінің нәтижесінде туатын интеллектуалды-шығармашылық қызметінің ерекше түрі деп қарастыру қажет.

Жоғарыдағылардың негізінде айтып кетеріміз, ғылыми-зерттеу қызмет дағдыларын дамыту, әр түрлі білім беру технологияларды қолдану, кәсіби өсу жоспарлауға және мамандарды шығармашылық деңгейде дайындау, дидактикалық ойларды іске асыру, нәтижелігін бағалауға көмектесу, әрине, педагог тұлғасына және оның кәсіби құзыреттілігіне тәуелді.

Әдебиеттер тізімі

1 *Таубаева Ш.* Теория готовности к научно-исследовательской деятельности как методологическая составляющая исследовательской культуры учителя // Қазақстан жоғары мектебі. — № 3. — Алматы: Қазақстан жоғары мектебі, 2001. — С. 108–113.

2 *Колесникова Т.А., Слободчикова Л.М.* Жаратылыстану-ғылыми циклі пәндері бойынша сабақтарда және сабақтан тыс жұмыста зерттеу қызметін ұйымдастыру // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. — № 9. — Алматы: Дәуір, 2009. — 13–15-б.

3 Афонина И., Барсукова Л. Некоторые подходы к организации исследовательской деятельности студентов // Дошкольное воспитание. — № 8. — М.: Воспитание дошкольника, 2001. — С. 91–94.

4 Леонтьев А.Н. Лекции об общей психологии. — М.: Смысл, 2001. — 511 с.

5 Колесникова И.А. Педагогическое проектирование: Учеб. пособие для студ. вузов / Под ред. И.А.Колесниковой. — М.: Академия, 2005. — 285 с.

6 Шмачилина С. Роль вузовского этапа в формировании исследовательской культуры социального педагога // Alma mater= Вестник высшей школы. — № 8. — М.: Академический печатный дом, 2005. — С. 52–54.

Г.К.Тлеужанова, Д.Д.Шалдыбаева

Проблемы формирования научно-исследовательской культуры студентов

Статья посвящена научно-исследовательской культуре студентов, которая помогает им совершенствовать учебно-познавательную деятельность, способствует созданию системы теоретических знаний и практических умений, позволяет формировать отношение к современной науке как важнейшему средству проектирования и прогнозирования собственной деятельности, а также рассматривает ее как особый вид интеллектуально-творческой деятельности, порождаемый в результате функционирования механизмов поисковой активности и строящийся на базе исследовательского поведения.

This article is devoted to the scientific culture of students which is helped student to develop educational-cognitive activity. Scientific culture of students is contributed to create system of theoretical knowledge and practical ability, it is allowed to form attitude to science which is important resource of planning and forecast of own activity. Also scientific culture of students is considered special type of intellectual-creative activity which is based on research behavior and it is generated as a result of function searching activity. Scientific culture of students is important in life of students.

ӨЖЖ 371.13 [574]

С.А.Қыпшақов¹, И.С.Өтебаев¹, Г.Б.Боқаева²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²№ 86 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды

Кәсіби оқыту педагогын құзыреттілік тұрғы негізінде жобалау іс-әрекетіне даярлау

Мақала студенттердің жобалау мәдениетін кәсіби қызметінің бөлігі ретінде қалыптастыру мәселесіне арналған. Болашақ мамандарда жобалау мәдениетін қалыптастыру шарттарының біріне жобалауға үйрету жатады. Тұлғалық бағытталған тиімді педагогикалық технологиялардың ішінен білім берудің жана мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, сондай-ақ еңбек нарығының талаптары өзгермелі жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлауды қамтамасыз ететін жобалауға оқыту технологиясына негіздеме жасалған. Авторлар жобаны кезеңдерге бөліп орындауды қарастыратын жобалау әдісіне негізделген оқыту әдістемесін келтірген.

Кілтті сөздер: кәсіби оқыту педагогы, құзыреттілік, жобалау іс-әрекеті, бейіндік мектеп, кәсіпкерлік іс-әрекет, бейіндік оқыту, білім беру процесі, жобалау, тұлға, кәсіби даярлау.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы оқыту процесі, оның мазмұны және оны ұйымдастыру ғылым мен техниканың, технологиялардың дамуы мен қарқындауының қазіргі кездегі деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады. Жоғары оқу орнының түлегі өзінің функционалдық міндеттерін кез келген жағдайда орындауға жан-жақты дайын болуы керек. Осы тәуелділікті кәсіби білім беру мекемесіндегі оқыту мазмұнының маманның кәсіби іс-әрекетінің талаптарына сәйкестігі диалектикалық принципті көрсетеді.

Жалпылаудың теориялық деңгейі құзыреттіліктері, болмыстың заттары мен құбылыстарының ішкі байланыстары мен қатынастарын көрсетеді, оларды нақтылау түсініктерде, заңдарда, принциптерде жүзеге асырылады.